

**«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР
ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ,
АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ»**

040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы,
Назарбаев көшесі, 75 тел./факс: 8 (72 82) 41-71-91,
БСН 220740006792, email: kultura@zhetysu.gov.kz

040000, Область Жетісу, город Талдықорған,
ул. Назарбаева, 75, тел./факс:8 (7282) 41-71-91
БИН 220740006792, email: kultura@zhetysu.gov.kz

**Қазақстан Республикасы
экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Экологиялық реттеу және
бақылау комитетінің Жетісу
облысы бойынша экология
департаменті**

2026 жылғы 04 маусымдағы
№ 02-16/775 хатқа

Жетісу облысы, Алакөл ауданы аумағында орналасқан «Семерлы» учаскесінің 6-блогы шегінде қатты пайдалы қазбалардың ресурстарын бағалау мақсатында тау жынысы массасын алу және топырақты жылжыту арқылы барлау жұмыстарын жүргізуге қатысты жобалық материалдар бойынша сұратылған ақпаратқа төмендегіні хабарлаймыз.

Хаттың қосымшасында көрсетілген географиялық координаттарға сәйкес аумақ «Google Earth» бағдарламасы арқылы қашықтан (визуалды) шолу әдісімен зерделенді.

Нәтижесінде аталған аумақ тарихи-мәдени мұра объектілерінің ықтимал шоғырлану аймағына жататындығы анықталды. Осыған байланысты «STONE HILL MINING» ЖШС тарапынан жоспарланып отырған аумақта тарихи-мәдени мұра объектілерінің бар-жоғын нақтылау мақсатында алдын ала визуалды археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындайды.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 30-бабының талаптарына және Жер кодексінің 127-бабына сәйкес, жер учаскелерін игеру және шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде жер пайдалануға беру алдында тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау мақсатында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс екендігін хабарлаймыз.

Сонымен қатар, тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуына қауіп төндіруі мүмкін жұмыстарды жүргізуге заңнамаға сәйкес тыйым салынатынын ескертеміз.

Осыған байланысты, көрсетілген талаптарды ескере отырып тиісті археологиялық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігі туралы хабарлаймыз.

**Басқарма басшысының м.а.
Абсейтова**

Г.

Жумадилова Жұлдыз Комеккызы 10.06.2026 11:35




Орын.: А. Қанайбаева
Тел.: 41-71-79

Подпись канцелярии
08.06.2026 18:22 МАДИЕВА ДИНАРА

Подпись руководителя
08.06.2026 18:22 АБСЕЙТОВА ГУЛИМ



Жумадилова Жулдыз Комеккызы 10.06.2026 11:35

| | |
|--|---|
| Тип документа | Входящий документ |
| Номер и дата документа | № 1205 от 09.06.2026 г. |
| Организация/отправитель | ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ» |
| Получатель (-и) | ДЕПАРТАМЕНТ ЭКОЛОГИИ ПО ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ КОМИТЕТА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЭКОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
| Электронные цифровые подписи документа |  Государственное учреждение "Управление культуры; архивов и документации области Жетісу" Подпись руководителя: АБСЕЙТОВА ГУЛИМ MIRqYJ...3S+L4FA== Время подписи: 08.06.2026 18:22 |
| |  Государственное учреждение "Управление культуры; архивов и документации области Жетісу" Подпись канцелярии: МАДИЕВА ДИНАРА MIR1QYJ...MVf7Mkb4Z Время подписи: 08.06.2026 18:22 |
| |  ЭЦП канцелярии: Кадирова Каман Айдаровна без ЭЦП Время подписи: 09.06.2026 09:51 |



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.